

**Отырар ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Балдәурен» бөбекжай балабақшасы**



**Кіші «Қызғалдақ» тобының 2021-2022 оқу
жылына арналған Күнтізбелік-
тақырыптық (жылдық) оқу жоспары**

2021-2022ж

Өтпелі тақырып: ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

2021 жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту негізінде танымдық ой-өрістерін, адамгершілік, эстетикалық дамуын, денсаулығын нығайту, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- әдептілік ережелерімен таныстыру, ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
- қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.
- Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
- музыкалық ырғақты қимылдарға қызығушылықтарын қалыптастыру;

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5
Менің балабақшам 1-апта	Дене шынықтыру (ҮК) 1.Тақырыбы: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. 2. Тақырыбы: (БК) Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. 3. Тақырыбы: (ҮК) Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біздің топ»	Сенсорика Тақырыбы: «Балабақшаға баратын жол» Жаратылыстану Тақырыбы: «Топтағы гүлдер»	Сурет салу Тақырыбы: «Балабақшадағы әдемі бояулар» Дидактикалық ойын: «Көңілді сызықтар» Музык Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
Менің достарым 2-апта	Дене шынықтыру (БК) 1. Тақырыбы: Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру 2. Тақырыбы: (ҮК) Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүруді үйрету. 3. Тақырыбы: (БК)	Көркем әдебиет Тақырыбы: Тазалық-таза баланың досы.	Құрастыру Тақырыбы: Досымның үйі Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің қанатты достарым» Дидактикалық ойын: «Торғайға жем береміз»	Сурет салу Тақырыбы: Досыма доп сыйлаймын. Мақсаты: Балаларға доп т Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу

	Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүруді үйрету.			Тақырыбы: «Досыма арналған моншақ »
Менің сүйікті ойыншықтарым 3-апта	<p>Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: (ҮК) Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүру.Екі сызықтың арасынан жүру.</p> <p>2 Тақырыбы: (БК) Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүру.Екі сызықтың арасынан жүру.</p> <p>3.Тақырыбы: (ҮК) Шеңбер бойымен жүру. Төңкеріліп қойылған жәшікке (биіктігі 10 см) көтеріліп, ересектердің көмегімен одан түсу</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Ойыншықтар достығы.</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы:Досыма сыйлық</p> <p>Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша</p>
Жиһаздар 4-апта	<p>Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: (БК) Шеңбер бойымен жүру. Төңкеріліп қойылған жәшікке (биіктігі 10 см) көтеріліп, ересектердің көмегімен одан түсу</p> <p>2. Тақырыбы: (ҮК) Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білуін қадағалау. .</p> <p>3. Тақырыбы: (БК) Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білуін қадағалау.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: Үй жиһаздары.</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: Қуыршаққа арналған қроват.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: Жиһаздар</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Теледидар</p> <p>Музыка Педагог жоспары бойынша</p> <p>Жапсыру Тақырыбы: Үстел</p>

Қазан айы

Өтпелі тақырып: «МЕҢІҢ ОТБАСЫМ»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже.

Міндеттері:

- отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25; Музыка – 1,5
«Менің отбасым Ата-аналар еңбегі» 1-апта	Дене шынықтыру (ҮК) Тақырыбы: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Тақырыбы: (БК) Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. Тақырыбы: (ҮК) Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің отбасым»	Сенсорика Тақырыбы: Жемістерді жинаймыз Жаратылыстану Тақырыбы: Күзгі еңбек.	Сурет салу Тақырыбы: « Менің үйім» Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
Менің көшем 2-апта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: (БК) Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру 2. Тақырыбы: (ҮК) Шеңбер бойымен жүруге, белгіні дұрыс түсіне білуге, жіппен жасалатын даму жаттығуын дұрыс орындауға үйрету. 3. Тақырыбы: (БК) Шеңбер бойымен жүруге, белгіні дұрыс түсіне білуге, жіппен жасалатын даму жаттығуын дұрыс орындауға үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Бағдаршам өлеңі. С.Дүкенбай.	Құрастыру Тақырыбы: Біздің көшедегі екі қабатты үй. Жаратылыстану Тақырыбы: Көшедегі күзгі ағаштар.	Сурет салу Сурет.Трафаретпен жұмыс Тақырыбы: «Көше шамдары» Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: Анамның қолшатыры

<p>Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік</p> <p>3- апта</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>1.Тақырыбы: (ҮК) Бір бағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүре білуге үйрету. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.</p> <p>2.Тақырыбы: (БК) Бір бағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүре білуге үйрету. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.</p> <p>3. Тақырыбы: (ҮК) Екі жіп арасынан түзу жүруге үйрету.«Жаңбыр тоқтады, - дейді педагог, - күн жарқырап шықты, бірақ айнала шалшық.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Мен тәртіпті баламын» (өлең) Өтебай Тұрманжанов</p> <p>Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?»</p>	<p>Сенсорика</p> <p>Тақырыбы: Ұзын, қысқа.</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Абайла, балақай!»</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ойлан, тап!»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Ұзын, қысқа жолдар»</p> <p>Дидактикалық ойын: «Жолдан өтейік»</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>
<p>Алтын күз</p> <p>4-апта</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>1.Тақырыбы: (БК) Екі жіп арасынан түзу жүруге үйрету.«Жаңбыр тоқтады, - дейді педагог, - күн жарқырап шықты, бірақ айнала шалшық. Аяғымызды сулап алмас үшін, жолдың үстімен ғана жүреміз»</p> <p>2.Денешынықтыру.</p> <p>1.Тақырыбы: (ҮК) Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру; жүгіру. Еденде жатқан лентадан аттап өтуге үйрету</p> <p>3.Денешынықтыру</p> <p>Тақырыбы: (БК) Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру; жүгіру. Еденде жатқан лентадан аттап өтуге үйрету</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: Алтын күз</p>	<p>Құрастыру.</p> <p>Тақырыбы : Кірпіге алма сыйлаймыз.</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: Жемістер мен көкөністер</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Жау-жау , жаңбыр (дайын үлгідегі бұлттың астына)</p> <p>Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p>Жапсыру</p> <p>Тақырыбы: Күзгі бұлт"</p>

Қараша айы

Өтпелі тақырып: «ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ»

Мақсаты: Балаларға денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Таза жүру, жеке бас гигиенасын сақтау ережесін үйрету.

Міндеттері:

- шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлыққа тәрбиелеу, дербес қимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5
Өзім туралы 1-апта	<p align="center">Дене шынықтыру</p> <p align="center">1. Тақырыбы: (ҮК)</p> <p>Қатарда жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жай жүгіруге, тоқтап қайта жүгіруге, допты мақсатты домалатуға үйрету.</p> <p align="center">2. Тақырыбы: (БК)</p> <p>Қатарда жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жай жүгіруге, тоқтап қайта жүгіруге, допты мақсатты домалатуға үйрету.</p> <p align="center">3. Тақырыбы: (ҮК)</p> <p>Сапта бір-берлеп, заттар арасымен жүруге, жүгіруге үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын орындауға үйретуді жалғастыру.</p>	<p align="center">Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: Мен кімін?</p>	<p align="center">Сенсорика</p> <p>Тақырыбы: «Мен сияқты жаса»</p> <p>Үстел-үсті ойыны: «Пирамида»</p> <p align="center">Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Мен өзім туралы не білемін?»</p>	<p align="center">Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Менің моншақтарым»</p> <p>Үстел-үсті ойыны: «Моншақтарды тізбекте»</p> <p align="center">Музыка</p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center">Музыка</p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p>
Дұрыс тамақтану Дәрумендер 2-апта	<p align="center">Дене шынықтыру</p> <p align="center">1. Тақырыбы: (БК)</p> <p>Сапта бір-берлеп, заттар арасымен жүруге, жүгіруге үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын орындауға үйретуді жалғастыру</p> <p align="center">2. Тақырыбы: (ҮК)</p> <p>Сапта екуден қол ұстасып жүру, бытырай жүгіруге және шеңберден шеңберге аттауға үйрету.</p> <p align="center">3. Тақырыбы: (БК)</p>	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Жемістер жыры» (өлең) Рза Қунақова</p> <p>Ойын жаттығу: «Жемістерді ата»</p>	<p align="center">Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Жемістер натюрморты»</p> <p align="center">Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: Дәрумендер әлеміне саяхат</p>	<p align="center">Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Дәмді алмалар</p> <p align="center">Музыка</p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p> <p>Жапсыру</p> <p>Тақырыбы: «Ыдыстағы көкөніс»</p> <p>Қимылды ойыны: «Қияр мен қызанақ жинау»</p>

	Сапта еуден қол ұстасып жүру, бытырай жүгіруге және шеңберден шеңберге аттауға үйрету.			
Өзіңе және өзгелерге көмектес 3- апта	<p align="center">Дене шынықтыру</p> <p>1.Тақырыбы : (ҮК) Кегельдер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру.</p> <p>2. Тақырыбы (БК) Кегельдер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру.</p> <p>3. Тақырыбы (ҮК) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру.</p>	<p align="center">Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Қуыршақты шомылдырайық » Дидактикалық ойын: «Киімнің сәйкесін тап»</p>	<p align="center">Сенсорика</p> <p>Тақырыбы: Күшікке көмек</p> <p align="center">Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Өсімдіктерге күтім жасау» Дидактикалық ойын: «Гүлді құрастыр»</p>	<p align="center">Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз» Дидактикалық ойын: «Торғайды тамақтандыр»</p> <p align="center">Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша</p>
Біз күштіміз, ептіміз 4-апта	<p align="center">Дене шынықтыру</p> <p>1. Тақырыбы: (БК) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру.</p> <p>2. Тақырыбы: (ҮК) Гимнастикалық орындық үстінде тұзу жүру , қолын белге ұстау. Құм салынған қапшықты себетке тура лақтырып салу.</p> <p>3. Тақырыбы: (Б К) Гимнастикалық орындық үстінде тұзу жүру , қолын белге ұстау. Құм салынған қапшықты себетке тура лақтырып салу.</p>	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Шалқан» (орыс халық ертегісі) Саусақ театры арқылы сахналау. Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ата»</p>	<p align="center">Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Үй саламыз» Ойын жаттығу: «Түсін ата»</p> <p align="center">Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Табиғаттағы еңбек»</p>	<p align="center">Сурет салу</p> <p>Тақырыбы. «Еңбек құралдары»</p> <p align="center">Музыка Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center">Мүсіндеу</p> <p>Тақырыбы: «Футбол добы» Дидактикалық ойын: «Күшті доптар»</p>

Желтоқсан айы

Өтпелі тақырып: «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»

Мақсаты: Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Туған өлкелерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- Астана қаласымен, мемлекеттік рәміздермен және еліміздің Тұңғыш Президентімен таныстыру;
- туған жерге деген мақтаныштарын, қызығушылықтарын ояту;
- балаларды тыңдаған әңгімелер мен тақпақтардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйрету.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5
«Жайнай бер Қазақстаным» 1-апта	<p align="center">Дене шынықтыру</p> <p>1.Тақырыбы: (ҮК) Бағытты өзгерте отыра жүру, әр түрлі бағытта жүгіру. Жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру</p> <p>2. Тақырыбы: (БК) Бағытты өзгерте отыра жүру, әр түрлі бағытта жүгіру. Жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру</p> <p>3. Тақырыбы: (ҮК) Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Арқанның астымен еңбектеп өту.</p>	<p align="center">Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Менің Отаным»</p>	<p align="center">Сенсорика</p> <p>Тақырыбы: Байтерек</p> <p align="center">Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы:Туған өлке</p>	<p align="center">Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Әдемі жалаушалар</p> <p align="center">Музыка</p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center">Музыка</p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p>
«Туған өлкем» 2-апта	<p align="center">Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1. Тақырыбы: (БК) Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Арқанның астымен еңбектеп өту</p> <p>2.Тақырыбы: (ҮК) Шағын топқа бөлініп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүру.</p> <p>3. Тақырыбы: (БК) Шағын топқа бөлініп жүгіру.</p>	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: Біз бақытты баламыз</p>	<p align="center">Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: Достық үйі</p> <p align="center">Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы:. Туған жердің табиғаты</p>	<p align="center">Сурет</p> <p>Тақырыбы: Мерекелік шарлар</p> <p align="center">Музыка</p> <p align="center">Педагог жоспары бойынша</p> <p align="center">Мүсіндеу</p> <p>Тақырыбы: Автобус</p>

	Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүру.			
<p>«Астана-Отанымыз -дың жүрегі»</p> <p>3-апта</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>1.Тақырыбы: (ҮК) Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру.</p> <p>2. Тақырыбы: (БК) Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру.</p> <p>3.Тақырыбы: (ҮК) Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: Менің Қазақстаным</p>	<p>Сенсорика</p> <p>Тақырыбы: «Пирамида»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Астана-бас қалам»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Пирамида»</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>
<p>«Тәуелсіз Қазақстан</p> <p>4-апта</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>1. Тақырыбы: (БК) Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру.</p> <p>2.Тақырыбы: (ҮК) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру.</p> <p>3. Тақырыбы: (БК) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру.</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Туған өлке» Ө.Тұрманжановтың</p>	<p>Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Үй және қақпа»</p> <p>Ойын жаттығу: «Түсін ата»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: Біздің Рәміздер</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Күлімде күн (ұжымдық жұмыс)</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p>Жапсыру.</p> <p>Тақырыбы: Әдемі жалаушалар</p>

2022 жыл Қаңтар айы
Өтпелі тақырып: «ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ»

Мақсаты: Балалардың тірі, өлі табиғат және жыл мезгілдері құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы балаларды өсімдіктерді атап, көкөністер мен жемістерді ажыратып айта білуге үйрету;
- қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға баулу;
- эстетикалық қабылдауларын, түрлі сенсорлық әсерлерін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5
Айналамызд ағы өсімдіктер 1-апта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: (ҮК) Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу. Жиектері шектелген тура жолақпен жүру. 2.Тақырыбы: (БК) Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу. Жиектері шектелген тура жолақпен жүру. 3. Тақырыбы: (ҮК) Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру. Доға астынан нысанаға дейін еңбектеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ғажайып қыс»	Сенсорика Тақырыбы: Үлкен-кіші шыршалар. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қар қасиетімен танысу»	Сурет салу Тақырыбы. «Қысқы ағаштар келбеті» Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: «Шырша»
Жануарлар әлемі 2-апта	Дене шынықтыру 1. Тақырыбы: (БК) Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру. Доға астынан нысанаға дейін еңбектеу. 2.Тақырыбы: (ҮК) Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасай жүру. Доптарды бір-біріне домалату. 3.Тақырыбы: (БК) Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасай жүру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» (ертегі) Дидактикалық ойын: «Үйін тап»	Құрастыру Тақырыбы: «Күшік» Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй жануарлары және оның төлдері» Дидактикалық ойын: «Төлін тап»	Сурет салу Тақырыбы: Қардағы іздер Дидактикалық ойын: «Іздерді ата» Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша

	Доптарды бір-біріне домалату.			
<p>Құстар-біздің досымыз</p> <p>3- апта</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>1.Тақырыбы: (ҮК) Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүру.</p> <p>2.Тақырыбы: (БК) Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүру. 20 см арақашықтықта орналасқан таспалардан аттап өту.</p> <p>3. Тақырыбы: (ҮК) Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде).</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: Құстар біздің досымыз</p>	<p>Сенсорика</p> <p>Тақырыбы: «Тауық және оның балапандары» Үстел-үсті ойыны: «Балапан құрастыру»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Құстар» Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Суық торғай» Музыка Педагог жоспары бойынша</p> <p>Жапсыру</p> <p>Тақырыбы: «Балапан»</p>
<p>Ғажайып қыс</p> <p>4-апта</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>1. Тақырыбы: (Б.К) Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде). Допты екі қолмен төменнен лақтыру.</p> <p>2. Тақырыбы: (Ү.К) Белгі бойынша шашырап жүгіру. Арқанның астымен еңбектеу.</p> <p>3. Тақырыбы: (Б.К) Белгі бойынша шашырап жүгіру. Арқанның астымен еңбектеу.</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: « Сырғанақ»</p>	<p>Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: Қысқы ойындар</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Жапалақтап қар жауды Қимылды ойын: «Қар жинаймыз»</p> <p>Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша</p>

Ақпан айы
Өтпелі тақырып: «БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ»

Мақсаты: Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5
Ғажайыптар әлемі 1-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Тақырыбы: (Ү.К) Шашырап жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. 2.Тақырыбы: (Б.К) Шашырап жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. 3.Тақырыбы: (ҮК) Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту. Секіртпеден секіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көңілді қыс. Ш. Мұхамеджанов. Сенің өмірің – сиқырлы әлем кітабынан»	Сенсорика Тақырыбы: «Ғажайып күн шуағы» Жаратылыстану Тақырыбы: «Сумен тәжірибе жүргізу» Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?»	Сурет салу Тақырыбы: Қысқы ағаштар келбеті. Дидактикалық ойын: «Бұл не?» Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұшақ»
Көліктер 2-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Тақырыбы: (БК) Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту. Секіртпеден секіру. 2.Тақырыбы: (ҮК) Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. 3. Тақырыбы: (БК)	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Поезд» (өлеңі) Қимылды ойын: «Поезд»	Құрастыру Тақырыбы: «Трамвай» Дидактикалық ойын: «Суреттің сыңарын тап» Жаратылыстану Тақырыбы: «Көліктер»	Сурет салу Тақырыбы: Машинаның дөңгелектері Дидактикалық ойын: «Үлкен және кішкентай» Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша

	Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.			
Электроника әлемі 3- апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Тақырыбы: (ҮК) Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. 2.Тақырыбы: (БК) Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. 3. Тақырыбы: (ҮК) Әр түрлі бағытта жүруден жүгіруге ауысу.Шеңберден шеңберге аттау.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Телефон» (өлең) Корней Чуковский	Сенсорика Тақырыбы : Үлкен кіші тоңазышқыш Жаратылыстану Тақырыбы: Тақырыбы: Электроника деген не? Үстел-үсті ойыны: «Топтастыр»	Сурет салу Тақырыбы: «Теледидар» Музыка Педагог жоспары бойынша Жапсыру Тақырыбы: Тоңазытқыш
Мамандықтың бәрі жақсы 4-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Тақырыбы: (БК) Әр түрлі бағытта жүруден жүгіруге ауысу.Шеңберден шеңберге аттау. 2. Тақырыбы: (ҮК) Допты алға домалату, қуып жету. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. 3. Тақырыбы: (БК) Допты алға домалату, қуып жету. Бір сызықтан қос аяқпен секіру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» (ертегі мультфильмін көрсету) Лото ойыны: «Топтастыр»	Құрастыру Тақырыбы: «Машина» Қимылды ойын: «Жүргізуші» Жаратылыстану Тақырыбы: «Бұл мұғалім апай» әңгіме	Сурет салу Тақырыбы: Ғарышкер зымыраны Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша

Наурыз айы
Өтпелі тақырып: «САЛТТАР МЕН ФОЛЬКЛОР»

Мақсаты: Қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ұлттық мерекелер туралы туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;
- шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;
- ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5
<p>Қазақсан халқының салттары мен дәстүрлері</p> <p>1-апта</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Тақырыбы: (ҮК) Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру. 2.Тақырыбы: (БК) Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру. 3.Тақырыбы: (ҮК) Қос аяқтап секіру біліктерін жетілдіру, қимыл үйлесімділігін дамыту</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Киім дүкені»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Әжемнің сақинасы»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Қуыршақ Айарудың камзолы»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Орамалды безендіру</p> <p>Музыка Педагог жоспары бойынша</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: Қуыршақтың көйлегіне түйме.</p>
<p>Ертегілер елінде. Театр әлемі</p> <p>2-апта</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Тақырыбы: (БК) Қос аяқтап секіру біліктерін жетілдіру, қимыл үйлесімділігін дамыту 2.Тақырыбы: (ҮК) Аңғарымпаздығы мен зейінін дамыту. Ойын ережесін сақтап ойнауға үйретуші жалғастыру</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» (ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналау) Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ата»</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Ертегі құсы»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: Үш аю Дидактикалық ойын: «Төлін тап»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Ертегідегі бауырсақ</p> <p>Музыка Педагог жоспары бойынша</p> <p>Музыка Педагог жоспары бойынша</p>

	<p>3. Тақырыбы: (БК) Аңғарымпаздығы мен зейінін дамыту. Ойын ережесін сақтап ойнауға үйретуші жалғастыру</p>			
<p>Өнер көзі халықта</p> <p>3- апта</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Тақырыбы: (ҮК) Еденде жатқан заттан секіру . Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп бару 2.Тақырыбы (БК) Еденде жатқан заттан секіру . Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп бару. 3. Тақырыбы (ҮК) Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Кигіз үйдегі ыдыстар» Дидактикалық ойын: «Дастарханға сәйкес кесені таңда»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Құмыралар» Қимылды ойын: «Сандыққа жина»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің асықтарым» Дидактикалық ойын: «Ұяшықтарға орналастыр»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Әжемнің жіп шумақтары» Ойын жаттығу: «Ұршыққа жіптерді ора»</p> <p>Музыка Педагог жоспары бойынша</p> <p>Жапсыру Тақырыбы:Қуыршақ көйлегін әсемдейміз</p>
<p>Нұр төккен, гүл көктем</p> <p>4-апта</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Тақырыбы::(БК) Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту 2.Тақырыбы: (Ү.К) Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу. 3.Тақырыбы: (Б.К) Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Допты алысқа кеуде тұсынан лақтыруды қайталау.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Наурыз мейрамы» (сурет бойынша әңгімелесу) Үстел-үсті ойыны: «Қоржынды құрастыр»</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Гүлдер»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктем келді»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Көктемгі ағаштар» Музыка Педагог жоспары бойынша</p> <p>Музыка Педагог жоспары бойынша</p>

Сәуір айы

Өтпелі тақырып: «БІЗ ЕҢБЕКҚОР БАЛАМЫЗ»

Мақсаты: Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу және еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Олардың сөйлеуін, зейінін және қиялын дамытуға ықпал жасау.

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек дағдыларын жетілдіру;
- үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету;
- танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5
<p>Аялайық гүлдерді</p> <p>1-апта</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1.Тақырыбы:(ҮК) Бір тізбекпен жүру. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру.</p> <p>2.Тақырыбы:(БК) Бір тізбекпен жүру. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру.</p> <p>3.Тақырыбы:(ҮК) Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізу.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: Көктем гүлі</p>	<p>Сенсорика</p> <p>Тақырыбы: «Түрлі –түсті гүлдер»</p> <p>Дидактикалық ойын: «Алаңқайды гүлдендір»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері.</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Егістіктегі бақбақтар</p> <p>Ойын тапсырма: «Құмыраны құрастыр»</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p>Мүсіндеу</p> <p>Тақырыбы: Гүл</p>
<p>Ас атасы-нан</p> <p>2-апта</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1.Тақырыбы :(БК) Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізу.</p> <p>2. Тақырыбы (ҮК) Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру.</p> <p>3. Тақырыбы: (БК) Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру.</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Бауырсақ» (орыс халық ертегісі, ертегінің жаңа нұсқасын көрсету)</p>	<p>Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Ыстық тоқаш»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Ас атасы-нан»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Дастархандағы бауырсақ</p> <p>Дидактикалық ойын: «Тәрелкеге бауырсақтарды жина»</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>

<p>Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі</p> <p>3- апта</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Тақырыбы: (ҮК) Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру. 2.Тақырыбы: (БК) Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру. 3.Тақырыбы: (ҮК) Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелеңдеп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен,қолды белге қойып жүріп өту</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жәндіктер: құмырсқалар, көбелектер, аралар» Дидактикалық ойын: «Көлеңкесіне сәйкес орналастыр»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Әдемі көбелектер» . Дидактикалық ойын: «Көбелектер қонады»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктер»</p> <p>Үстел-үсті ойыны: «Қиынды суреттерді құрастыр»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Шөптегі қанқыз</p> <p>Музыка Педагог жоспары бойынша</p> <p>Жапсыру Тақырыбы: Кірпі</p>
<p>Еңбек бәрін жеңбек</p> <p>4-апта</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Тақырыбы: (БК) Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелеңдеп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен,қолды белге қойып жүріп өту 2.Тақырыбы: (Ү.К) Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру. 3.Тақырыбы: (Б.К) Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алғашқы көмек» (әңгіме) Ж.Бұғыбаев</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: Пирамида</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Үлкендердің еңбегін бағалау»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Қошақандарға шөп береміз»</p> <p>Музыка Педагог жоспары бойынша</p> <p>Музыка Педагог жоспары бойынша</p>

Мамыр айы

Өтпелі тақырып: «ӘРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН!»

Мақсаты: Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін анықтау, оларды достық сезімге, мейрімділікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- балалардың топтағы қарым-қатынас дағдыларын анықтау және дамыту;
- достыққа, мейрімділікке жетелейтін іс-шаралар, ойындар т.б. өткізу;
- өз еліне құштарлық сезімдерін ояту, ой-өрісін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5
Достық-біздің тірегіміз 1-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Тақырыбы: (ҮК) Педагогтың артынан жүру, жүгіру. 2.Тақырыбы: (БК) Педагогтың артынан жүру, жүгіру. 3.Тақырыбы: (ҮК) Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасай жүру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» (орыс халық ертегісі) Ойын тапсырма: «Құмыра мен тарелке құрастыр»	Сенсорика Тақырыбы: «Ақпыз, қара, сарымыз» Дидактикалық ойын: «Пирамиданы жина» Жаратылыстану Тақырыбы: Достық бірлікте	Сурет салу Тақырыбы: Желбірейді жалау Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: «Әтешке қоршау жасаймын» Дидактикалық ойын: «Түстерін ата»
Отан қорғаушылар 2-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Тақырыбы: (БК) Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасай жүру. 2.Тақырыбы: (ҮК) Гимнастикалық орындық үстінде қолдарын жанына жая жүріп өту. 3.Тақырыбы: (ҮК) Гимнастикалық орындық үстінде қолдарын жанына жая жүріп өту.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қайрымдылық» (әңгіме) Д.Далабеков	Құрастыру Тақырыбы: «Зымыран» Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің атам жауынгер»	Сурет салу Тақырыбы: «Жұлдызша» Дидактикалық ойын: «Бұл қандай пішін» Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша

<p>Көңілді жаз</p> <p>3- апта</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1.Тақырыбы (БК) Гимнастикалық орындық үстінде қолдарын жанына жая жүріп өту.</p> <p>2. Тақырыбы: (ҮК) Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру; жүгіру.</p> <p>3. Тақырыбы: (БК) Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру; жүгіру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Жазда» (өлең) Нәсіпбек Айтөв</p>	<p>Сенсорика</p> <p>Тақырыбы: «Көңілді балықшылар»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Алақай жаз келді»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Балықтар жүзеді</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p>Жапсыру.</p> <p>Тақырыбы: «Түрлі түсті гүлдер»</p> <p>Дидактикалық ойын: «Түстерді ата»</p>
<p>Мен жасай аламын</p> <p>4-апта</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>1.Тақырыбы: (ҮК) Балалардың жүру, жүгіру дағдыларын дамыту.</p> <p>2. Тақырыбы: (ҮК) Балалардың жүру, жүгіру дағдыларын дамыту.</p> <p>3. Тақырыбы: Қайталау.</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Әке мен бала» (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кім не істейді? »</p>	<p>Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Мен шөп жинадым»</p> <p>Дидактикалық ойын: «Нені қайда қоямыз?»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Құмды зерттеймін»</p> <p>Дидактикалық ойын: «Құмнан бәліш жасаймын»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Доп саламын»</p> <p>Ойын тапсырма: «Менің доптарымның түсін ата»</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспары бойынша</p>

**Отырар ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Балдәурен» бөбекжай балабақшасы**



**Кіші «Қызғалдақ» тобының 2021-
2022 оқу жылының
циклограммасы**

2021-2022ж

Циклограмма.
Қыркүйек айы I - апта 01.09 - 03. 09. 2021 ж
Кіші «Қызғалдақ» тобы.
Өтпелі тақырып « Балабақшада»
Тақырыпша. «Менің балабақшам»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	<i>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.</i>				
			Фотосуреттер қарастыру Күз мезгілі	Сиқырлы суреттер Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту Картотека қосымшы тізілген	Ойын: «Үй саламыз» (Дьенеш блогы)
Таңертеңгі гимнастика	<i>Қыркүйек айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</i> Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу «Таза қолдар». <i>Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.</i> <i>Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баул</i>				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	<p align="center">ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.</p> <p align="center">Шаттық шеңбер Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</p>				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	Денешынықтыру / . Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары Б.қ.: «Желбіреді жалау» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. <i>/4 рет қайталау/</i>	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біздің топ» Мақсаты: балаларды балабақшаның топ бөлмелерімен таныстыру. ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ 1. Шаттық шеңбері. Е. Өтетілеуов. «Бала, бала, баламыз»	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Топтағы гүлдер» Мақсаты: Балаларға гүлдер туралы түсінік беру. ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ 1. Шаттық шеңбер Табиғат ана. Н.Жанаев. Табиғат біздің анамыз Табиғатқа баламыз Иіліп сәлем береміз	1.Сенсорика Тақырыбы: «Балабақшаға баратын жол» Мақсаты: балаларға жолды жасау үшін, берілген 4 түстен: қызыл, көк түсті табуға үйрету. ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ Шаттық шеңбер Е. Өтетілеуов. «Бала, бала,	1.Музыка Педагог жоспары бойынша

<p>Б.қ.: «Әткеншек» 2. Аяқтары алишақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/ Б.қ.: «Кім жылдам» 3. Аяқтарын алышқы қою, отыру жалаушаны алға созу, тұру жоғары көтеру. Б. қ.: «Жұлдызша» 4. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу Б.қ.: «Көңілді жалауша» 5. Аяқтарын алишақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп, секіру. Тыныс алу жаттығулары: «Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алишақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады. Қимыл-қозғалыс жаттығулары. -Доға астынан еңбектеп өту Қимылды ойын: « Құстар жем жейді» Қорытынды: Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау. 2. Сурет Тақырыбы: «Балабақшадағы әдемі бояулар» Мақсаты: қағазбен,</p>	<p>Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз 2. Ой қозғау. -Балалар біздер күн сайын таңертең тұрып қайда келеміз? - Онда біз кімдерді көреміз, сендерді кім қарсы алады? - Дұрыс, балалар. Балабақшаға қандай көңіл – күймен келдіңдер? Сұрақтар ілмегі -Балабақшада кімдер жұмыс жасайды? Бала жауабы Топқа бөлу. 1-топ. Дәрігер Дид ойын: Дәрігер заттарын ата? Ойын шарты: Балалар заттарды атап, онымен не істейтінін айта білу. 2-топ. Тәрбиеші Суретпен жұмыс Суреттегі тәрбиешінің не істеп жатқанын айта білу. 3-топ. Аспаздар Дид ойын: «Аспаз заттарын ата» Шарты: Заттардың атауын дұрыс атау, қолдану тәсілдерін айту, не үшін керек екенін түсіну. Қортынды. Балабақша базарлы үй,</p>	<p>Біз әдепті баламыз II. Қызығушылықтарын ояту. (жұмбақ жасыру) Адамдардың бәрі қызығады, Су құймасаң сәні бұзылады. Бұл не? (гүл) III. Ой дамыту. Табиғат бұрышына саяхат. -Гүлдерді бақылау IV. Ой қозғау. -Неліктен біз бөлмеге гүл егеміз? -Гүлдер әдемі өсу үшін не керек? -Қандай күтім жасауымыз керек? -Шаңбасқан гүл қандай болады? VI. Сылдырмақ үні. Шеңберге тұру. Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау. 2.Денешынықтыру . Бекіту /жалаушамен/ Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары Б.қ.: «Желбіреді жалау» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /4 рет қайталау/ Б.қ.: «Әткеншек»</p>	<p>баламыз» Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз Ғажайып сәт. Қуыршақтың қонаққа келуі. Қолында қорапты ашуға көмек сұрайды. 1. Ой дамыту Қуыршаққа көмек -Пішіндерді атау II.Қызығушылықты ояту. Қорапты ашу. -Түстерді атау. III. Ой қозғау -Жол дегеніміз не? -Біз балабақшаға немен келеміз? Жолмен. IV.Топтық жұмыс. Әр түстен жол салу. V.Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау 2.Денешынықтыр. (ҮК) (доппен) Кіріспе бөлім. Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру Негізгі бөлім 1. Жалпы даму жаттығулары доппен. 4– бөлім. 1. Аяқты алишақ қою, доп төменде, допты алға созу, жоғары көтеру, түсіру.</p>	
---	---	---	--	--



<p>қарындашпен таныстыру. Көлденең, тігінен сызықтар сызуды үйрету. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбер "Бала,бала,баламыз" Е.Өтетілеуұлы. Бала,бала,баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамызда қаламыз! Тосын сәт. Есік қағылып Хат келу Боялар ханзадасы жазған хатты педагог хатты оқу. Қрметті балалар сендер балабақшаға келіп қуанып жатсыңдар. Айтыңдаршы менің бояларым сендерге ұнай ма? Ендеше олармен не істейсіңдер? Балаларды топқа бөлу. 1-топ.Аквафель. 2-топ.Гуаш 3-топ. Карандаштар 1-топ.Аквафель. Тапсырма: Дидактикалық ойын: «Айшаның қатесін түзе»Сурет құрастыру. Айша суреттерді дұрыс бояды ма? Қай жерде қате жіберді? Аспан жасыл түсті болады ма? Күн көк түсті ме? Бұлттар сары түсті ме? Шөп қызыл түсті ме? Гүлдер қандай түсті? Міне балалар Айша қанша қате жіберген. 2-топ .Гушь Тапсырма: 4 түсті дөңгелектерді бояу. Трафарет қолдану.</p>	<p>Ауылдағы ажарлы үй Шаттығы мол шуақты Өз үйіміз сияқты. Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау. 2.Музыка. Педагог жетекшісінің жоспары бойынша.</p>	<p>2. Аяқтары алишақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/ Б.қ.: «Кім жылдам» 3. Аяқтарын алишақ қою, отыру жалаушаны алға созу,тұру жоғары көтеру. Б. қ.: «Жұлдызша» 4. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу Б.қ.: «Көңілді жалауша» 5. Аяқтарын алишақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп,секіру. Тыныс алу жаттығулары: «Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алишақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады. Қимыл-қозғалыс жаттығулары. -Доға астынан еңбектеп өту Қимылды ойын: « Құстар жем жейді» Қорытынды: Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.</p>	<p>бастап-қы қалып.4-5 рет. 2.Допты екі қолмен алға ұстау. Отырып тұру. 3.Допты екі қолмен ұстау. Еденге тигенше еңкею.. 4.Допты еденге қою. Допты айналыма секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру. 2.Қимыл - қозғалыс жаттығулары. -Обруч ішіне допты екі қолмен лақтыру. 3.Қимылды ойын: Допты қуып жет. Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. 4. Қортынды Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, ұзындық бойынша тұру. Сұрақ – жауап. Балаларды мадақтау.</p>	
--	--	--	---	--

	<p>3-топ. карандаш Тапсырма: Дид ойын: «Түстерді ата» Күннің түсі қандай? Гүлдің түсі қандай? Шөптің түсі қандай? Аспан десем балалар түсін тапшы қандай? Қортынды "Қарындаш". Н.Айтов. Қызыл-жасыл, қарасын, Қолға кезек аласың. Қарындашпен әр түрлі, Алуан сурет саласың. Қарындаштың көмегі, Міне, қандай көп еді. Ұштай біл де, ұстам біл, Түрлі өрнек төгеді. Балаларды мадақтау</p>				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	<p>Картотека №1 Бақылау: ұшып жүрген құстарды бақылау. Картотека қосымша тігілген</p>	<p>Картотека №2 Бақылау: Ауа- райының салқындауын бақылау. Картотека қосымша тігілген</p>	<p>Картотека №3 Бақылау: Желді бақылау. Картотека қосымша тігілген</p>	<p>Картотека №7 Бақылау: Бүгін күн қандай? Жел бар ма? Картотека қосымша тігілген</p>	<p>Картотека №8 Бақылау: Аула сыпырушының еңбегін бақылау. Картотека қосымша тігілген</p>
Серуеннен оралу	<p>Ойын- жаттығу. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</p>				
Түскі ас	<p>Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"</p>				
Ұйқы	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.</p>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	<p>№1 Ояну Қандай гажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды Картотека қосымша тігілген</p>	<p>№2. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. Картотека қосымша тігілген</p>	<p>№ 3. Ояну Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. Картотека қосымша тігілген</p>	<p>№4. Ояну Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. Картотека қосымша тігілген</p>	<p>№5. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан</p>

					<i>тұрайық. Картотека қосымша тігілген</i>
Бесін ас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	<i>Пазл ойыны «Өз үйіне орналастыр» Шарты: Берілген жануарларды өз үйіне тура апару арқылы қосу.</i>	<i>Дидактикалық ойын:«Ұяшыққа орналастыр» Мақсаты: екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыруға үйрету, ойлауын дамыту, қол қимылын жетілдіру</i>	<i>«Қуыр-қуыр, қуырмаи» саусақ ойыны: Мақсаты: саусақ қимылын жетілдіру, үлкендерден кейін қайталап айтуға үйрету</i>	<i>«Құрастыр»үстел-үсті ойыны Мақсаты:конструкторларды бір-біріне үстінен және жанынан біріктіре білуге үйрету</i>	<i>Шығармашылық саласы Балаларға ермексаз тарату,өз еркінмен мүсіндеу. Шығармашылық саласы Балаларға ермексаз тарату,өз еркінмен мүсіндеу.</i>
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.</i>				
Серуен	<i>Картотека №15 Бақылау: Жапырақтардың ұшып жүргенін бақылау. Картотека қосымша тігілген</i>	<i>Картотека №17 Бақылау: ауа- райын бақылау Картотека қосымша тігілген</i>	<i>Картотека №19 Бақылау: Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау. Картотека қосымша тігілген</i>	<i>Картотека №18 Бақылау: Балалардың сыртқы киімін бақылау Картотека қосымша тігілген</i>	<i>Картотека №12 Бақылау: Аула маңындағы көліктерді бақылау. Картотека қосымша тігілген</i>
Балалардың үйге қайтуы		<i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу</i>	<i>Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.</i>	<i>Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу.балабақшаға уақтында келуді айту.</i>

Циклограмма
Қыркүйек айы II - апта 06.09 - 10.09. 2021 ж
Кіші «Қызғалдақ» тобы Өтпелі тақырып « Балабақшада»
Тақырыпша «Менің достарым»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i> Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
	Логикалық тапсырмалар. Мақсаты: Бірдей заттарды ұқсастығы бойынша табу	Үстел -үсті ойыны пазл: «Өз үйіне орналастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оарды топтастыруға үйрету	Тақпақ үйрету. «Өзім жақсы баламын» Б.Ысқақов. Өзім жақсы баламын, Ана тілін аламын, «Су әкеле зой» десе, Су әкеле саламын.	Дидактикалық ойын: «Суретші қай жерде қателесті» Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту.
Танертеңгі гимнастика	Қыркүйек айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу қосымша тіркелген. Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын, дене бітімін дамыту.				
Таңғы ас	<i>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау</i> <i>Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз.</i> Ойын- жаттығу <p style="text-align: center;"> Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. </p>				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	<p style="text-align: center;"> ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Шаттық шеңбер Отан деген - Атамекен, Отан деген - туған жер. Отан - ана, Отан - үлкен, Қазақстан - туған ел. </p>				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастыр	1. Денешынықтыру.(БК) доппен Кіріспе бөлім. <i>Сапқа тұру, әр түрлі</i>	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Тазалық-таза баланың досы. Мақсаты: Тазалық	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің қанатты достарым» Мақсаты: балаларды балабақша	1. Құрастыру Тақырыбы: Досымның үй. Мақсаты: Балалардың құрлыс материалдарымен	1.Мүсіндеу Тақырыбы: «Досыма арналған моншақ » Мақсаты: Алақанға

Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: <i>«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».</i>	Кеңес: мысалы: <i>«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.</i>			

Циклограмма.
Мамыр айы. II - апта 11.05 - 13.05 2022 ж
Кіші «Қызғалдақ» тобы

Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»
Тақырыпша. «Отан қорғаушылыр»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	<p><i>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i></p> <p>Ата-аналармен жұмыс: <i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.</i></p>				
			<p>Картотека №10 «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту</p>	<p>Картотека №13 «Өз үйіңді тап» Ойынның мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.</p>	<p>Картотека №15 Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.</p>
<p>ТАНЫМ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген)</p>					
Таңертеңгі гимнастика	<p>Мамыр айының 2 – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету</p>				
Таңғы ас	<p>Ойын- жаттығу : <i>Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.</i> <i>«Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру.</i></p>				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	<p>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау <i>Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын.</i> <i>Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.</i></p>				

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</p>			<p>1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің атам жауынгер» Мақсаты: Балаларды өздерінің отбасы мүшелерін атап айта білулерін бекіту. ҰОҚ өтілу барысы. I.Шаттық шеңбер Е.Өтетілеуов Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен «Қайырлы таң!» деймін мен II.Қызығушылықты ояту Өлең оқу. Отан-сенің ата –анаң, Отан-досың,бауырың Отан-өлкен,астанаң Отан-аудан,ауылың III.Ой қозғау Сұрақтар ілмегі Өлең не туралы айтылған. Отан деген не? Сенің Отаның қалай аталады? Отанды қорғау деген не? -Балалар үлкендер неге «Аспанымыз ашық болсын!», «Бейбітшілік болсын!» деп бата береді - «Бейбітшілік» деген сөзді қалай түсінесіздер? - Ал «батыр» деген сөзді ше? Педагог түсінік беру Қандай қазақ батырларын білесіңдер? Неге біз оларды батыр деп атаймыз? Отан қорғау үшін қандай болуымыз керек? Тақпақ жаттау. Менің атам Жүзі жарқын, жаны ізгі Жан бар ма екен атамдай, Бірақ бала тәрізді</p>	<p>9. Құрастыру Тақырыбы: «Зымыран» Мақсаты: Әртүрлі түстегі және пішіндегі тұратын құрылыс материалдарынан бірінің үстіне бірін қою, текшелерді үйлестіре құрастыруға бекіту. ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ. I. Шаттық шеңбері. "Бала,бала,баламыз" Е.Өтетілеуұлы. Бала,бала,баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамызда қаламыз! II.Қызығушылықтырын ояту. Жұмбақ жасыру Көкке зулап ұшатын, Ер ғарышкер азғалар, Аспан шарлап жүретін Білсең айтшы не екенін? (Зымыран) 1.Ғарыш туралы түсінік беру. Сұрақ – жауап -Ғарыш деген не? -Оған немен барады? -Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Сөздік жұмыс. Сергіту сәті: «Қане қанат жазайық, Зымыран боп, ұшайық. Ай бетінде болайық, Қайта жерге қонайық 2. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету Зымыранның қандай бөліктері бар?</p>	<p>Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұшақ» Мақсаты: Бейне салынған көгілдір қағаз ортасына ермексазды жағу арқылы ұшақты бейнелеу. Ұшақтың қай көлік түріне жататынын түсіндіру. Оқу қызметінің барысы: Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. Құс сияқты- құс емес Самғап ұшқан биікке. Қанаты бар қақпайды. Жүрсе де сондай биікте. Суретпен жұмыс. Назарларын тақтаға аудару. «Көліктер» Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер? Ұшақ қандай көлік түріне жатады? Балалар ұшақты кім ұшырады? Балалар ұшақтар қайда ұшады? Ал сендердің ұшқыш болғыларың келе ме? Ұшқыш болу үшін не істеу керек? Ұшақ жасауымыз керек. Ендеше, біз нағыз ұшқыш болу үшін өзімізге ұшақ</p>
---	--	--	--	---	---

			<p>Тұрады әкем бата алмай Қимылды ойын “Біз сарбазбыз” Шарты:Балар үш шеңберге жасап тұрады. Әр шеңбер өз тапсырмасын алады. Бірінші шеңбер: “Ұшқыштар” Екінші шеңбер: «Атты жауынгерлер» Үшінші шеңбер: “Жаяу әскерлер” Ұшқыштар қолдарын екі жаққа жайып өз шеңберін де “Ұшқыштар ұшады”. Басқалары қарап тұрады. Музыка ойнағанда “Жаяу әскерлер” адымдайды, келесі музыкада “Атты жауынгерлер” шабады, олар ат шабысын салады. Қорытынды -Балалар біз бүгін кімдер туралы әңгімелестік? -Сіздердің әскери адам болғыларыңыз келеме? -Батыр адам қандай болуы тиіс деп ойлайсыздар? 2.Денешынықтыру (ҮК) Мақсаты: (ҮК) Гимнастикалық орындық үстінде қолдарын жанына жая жүріп өту. 1. Еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүру. 2.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ: Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. Қол жоғарыда,</p>	<p>Оның пішін қандай? Зымыранның жоғарғы төбесі қандай пішінге ұқсайды? Қанаттары қандай пішінге ұқсайды? Балалардың жауаптары. Дид ойын: «Қандай түс» 3. Өз беттеріңше жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу 4. Дид ойын: «Біздің көрме» Балаларды мадақтау 2.Денешынықтыру Мақсаты: (ҮК) Гимнастикалық орындық үстінде қолдарын жанына жая жүріп өту. 1. Еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүру. 2.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ: Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру. Қол жанда, өкшемен жүру. Ұшақ болып ұшу. Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру. / сапқа тұрарда себеттен екіден жалауша алу/ 1 саптан 4 звеноға тұру. 1. Жалпы даму жаттығу-лары.</p>	<p>жасайық. Ұшақ жасау үшін мына суретке назар аударайық. Үлгіні талдау. Жасалу жолдарын көрсету. Сергіту сәті: Қане қанат жазайық. Ұшақ болып ұшайық. Ұшып ұшып алайық. Орнымызға қонайық. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету. Дид ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын бағалау. Қорытынды. Балаларды мақтау.</p>
--	--	--	--	--	--

			<p>аяқтың ұшымен жүру. Қол жанда, өкшемен жүру. Ұшақ болып ұшу.</p> <p>Шеңбер бойымен еркін жүру.</p> <p>1 сапқа тұру. / сапқа тұрарда себеттен екіден жалауша алу/</p> <p>1 саптан 4 звеноға тұру.</p> <p>1. Жалпы даму жаттығулары. Жалаушамен, 6- бөлім.</p> <p>1. Аяқтары иық мөлшерін-де. Жалаушаны кеуде тұсына ұстау. Алға созу, жоғары көтеру, екі жанға созу , төмен түсіру. - рет 4-5 рет қайталау</p> <p>2. Аяқтары бірге, жалаушаланы омырауға ұстау. Екі қолды оң жаққа созу, қайта омырауға ұстау.</p> <p>Екі қолды сол жаққа созу, жалаушаны омырауға ұстау.</p> <p>/5 рет қайталау/</p> <p>3. Аяқтарын алшық қою, жалаушалар төменде ұстау. Еңкею жалаушаны артқа көтеру, түзулену.</p> <p>5-рет қайталау.</p> <p>Б.қ.: «Отыр-тұр»</p> <p>5. Аяқтарын біріктіреді. Жалауша белде. 1- жалаушаны алдыға созады, 2- отырады. 3- б.қ. (6 рет қайталау.)</p> <p>6. Секіру. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша төменде Орнында секіріп аяқты жанға созу, жалаушаны жоғары көтеру. Б.қ. 6 рет қайталау/</p> <p>Тыныс алу жаттығулары: Шар үрлеу мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.</p> <p>Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2. НЕГІЗГІ ҚИМЫЛ-</p>	<p>Жалаушамен, 6- бөлім.</p> <p>1. Аяқтары иық мөлшерін-де. Жалаушаны кеуде тұсына ұстау. Алға созу, жоғары көтеру, екі жанға созу , төмен түсіру. - рет 4-5 рет қайталау</p> <p>2. Аяқтары бірге, жалаушаланы омырауға ұстау. Екі қолды оң жаққа созу, қайта омырауға ұстау.</p> <p>Екі қолды сол жаққа созу, жалаушаны омырауға ұстау.</p> <p>/5 рет қайталау/</p> <p>3. Аяқтарын алшық қою, жалаушалар төменде ұстау. Еңкею жалаушаны артқа көтеру, түзулену.</p> <p>5-рет қайталау.</p> <p>Б.қ.: «Отыр-тұр»</p> <p>5. Аяқтарын біріктіреді. Жалауша белде. 1- жалаушаны алдыға созады, 2- отырады. 3- б.қ. (6 рет қайталау.)</p> <p>6. Секіру. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша төменде Орнында секіріп аяқты жанға созу, жалаушаны жоғары көтеру. Б.қ. 6 рет қайталау/</p> <p>Тыныс алу жаттығулары: Шар үрлеу мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.</p> <p>Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2. НЕГІЗГІ ҚИМЫЛ-</p>	
--	--	--	---	--	--

			<p>ҚОЗҒАЛЫС ЖАТТЫҒУЛАРЫ 2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығу-лары. 2- бөлім Түрлері: 1. Еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүру. 2. Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Бір – бірінің артынан жүру, әр түрлі қимыл-мен айналып өту, ұзындық бойынша тұру. ҰОҚ қортынды. Сұрақ – жауап. Балаларды мадақтау.</p>	<p>ҚОЗҒАЛЫС ЖАТТЫҒУЛАРЫ 2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығу-лары. 2- бөлім Түрлері: 1. Еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүру. 2. Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Бір – бірінің артынан жүру, әр түрлі қимыл-мен айналып өту, ұзындық бойынша тұру. ҰОҚ қортынды. Сұрақ – жауап. Балаларды мадақтау.</p>	
Серуенге дайындық	Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту. Киіну: Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау	Картотека № 2 Күнді бақылау	Картотека № 4 Аспанды бақылау	Картотека № 5 Бұлтты бақылау	Картотека №13 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.
КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН.					
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары			Жаттығу кешені №8 Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық	Жаттығу кешені №9 Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	Жаттығу кешені №10 Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				

<p>Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>			<p><i>АҚТ технологиясымен жұмыс</i> <i>Математикалық дамытушы ойындар</i> <i>Сұрақ-жауап</i></p>	<p><i>Мнемотехника әдісі</i> Тақырыбы: Киімдер <i>Мақсаты: мнемо кестемен жұмыс жасай отырып, балалардың киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету.</i></p>	<p><i>Мнемотехника әдісі</i> Қ. Әбдилдина. «Ауылда» Ауылда. <i>«Ауыл деген не?» десем</i> <i>Ата - әжем екен ғой,</i> <i>Ата- әжем тұрған соң,</i> <i>Аты – атамекен ғой</i> <i>Мейірім де ауыл да,</i> <i>Пейілің де ауылда.</i> <i>Жанға дауа ауасы,</i> <i>Сейілің де ауылда.</i></p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p><i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i></p>				
<p>Серуен</p>			<p><i>Картотека № 4</i> <i>Аспанды бақылау</i></p>	<p><i>Картотека № 5</i> <i>Бұлтты бақылау</i></p>	<p><i>Картотека №13</i> <i>Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.</i></p>
<p><i>ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ</i></p>					
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>			<p><i>Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)</i></p>	<p><i>Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.</i></p>	<p><i>Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</i></p>

**Циклограмма.
Мамыр айы. III - апта 16.05 - 20.05 2022 ж
Кіші «Қызғалдақ» тобы**

**Өтпелі тақырып ««Әрқашан күн сөнбесін!»
Тақырыпша: «Көңілді жаз»**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	<i>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы ата-анамен әңгімелесу.</i>				
	Картотека № 9 <i>Үй жануарлары және олардың төлдері</i>	Картотека № 10 <i>«Дұрыс көрсет, ажырат»</i>	Картотека № 8 <i>«Гүлдерді күтеміз»</i>	Картотека № 3 <i>«Құстар біздің досымыз»</i>	Картотека № 11 <i>«Отбасы»</i>
	ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген.				
Танертенгі гимнастика	<i>Мамыр айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</i> Мақсаты: <i>Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>				
Таңғы ас	<i>Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру.</i>				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	<i>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.</i> Достар бірге жүреміз Бірге ойнап күлеміз Бірге балық аулаймыз Міне біздер қандаймыз				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	14. Денешынықтыру 1. Мақсаты: (ҮК) <i>Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру; жүгіру. -Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру. -Аласа орындық үстінде еңбектеу. ҰОҚ жіргізілу барысы I.Кіріспе бөлім.</i>	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жазда» (өлең) Нәсіпбек Айтөв Мақсаты: <i>Жыл мезгілдері жайлы ойларын кеңейту, жайқалған жаз, жазғы қызықтар туралы түсінік бере отырып суреттерде</i>	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Алақай жаз келді» Мақсаты: <i>Жаз мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстыру (күннің көзі нұрын шашады, адамдардың киіміне назар аудару).</i> ҰОҚ өтілу барысы:	1.Сенсорика Тақырыбы: «Көңілді балықшылар» Мақсаты: <i>Балаларды әртүрлі тәсілдермен судан затты алу дағдысын жаттықтыру. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбері. Е.Өтетілеуұлының «Көңілді</i>	1.Музыка Педагог жоспарымен.

Бір қатар сапқа тұру.
Сәлемдесу.
(нұсқауларды орындау)
Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды жанға созып, өкшемен жүреді.

Баяу жүгіру, жылдам жүгіру

Негізгі бөлім:

Жалпы дамыту жаттығулар:

Доппен жаттығу»

1. Бір қатармен жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.)

2. Бір қатардан екі қатарға тұру.

3. Доппен жаттығу.

1. Б.қ қолда доп :1 – алдыға созу, 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу, 4 – б.қ –қа келу.

2. Б.қ 1 - доп оң қолда екі рет алдыға айналдыру, 2 – доп сол қолда алдыға айналдыру. 3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен, артынан сол қолмен.

3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен, оң қолда доп сол аяққа жеткізу допты, сол қолдағы допты оң аяққа жеткізу.

4. Б.қ аяқ бірге, отырып тұру.

5. Б. доп кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу.

6. Б.қ доп кеуде тұсында. Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып.

Тыныс алу жаттығуы:

мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.

Негізгі қимыл-жаттығулары:

1. Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру.

бейнеленгендер туралы айтып беру дағдыларын бекіту.

ҰОҚ өтілу барысы

I. Шаттық шеңбері.

«Кел, балалар күлейік»

Ө. Тұрманжанов.

Кел, балалар күлейік,
Күлкіменен түлейік
Қабақ түйген не керек
Көңілді боп жүрейік.

II. Қызығушылықты ояту.

Өлең оқу «Ауылда»

Қ. Әбдилдина

«Ауыл деген не?» десем
Ата - әжем екен ғой,
Ата- әжем тұрған соң,
Аты – атамекен ғой
Мейірім де ауыл да,
Пейілің де ауылда.
Жанға дауа ауасы,
Сейілің де ауылда.

Сұрақ –жауап

-Өлең не туралы айтылған?

-Сендер ауылға қай кездері көп барасыздар?

1. Ой қозғау.

Суретпен жұмыс.
Жаз мезгілі туралы түсінік беру.



1. Шаттық шеңбері

Амансың ба нұрлы күн!

Амансың ба жер ана!

Аман-есен болайық!

Бүгінгі көңіл-күйлерің қандай?

2. Мнемотехника әдісі

Жаз



Ой қозғау

Жаз мезгілі туралы түсінік беру.



-Жазда дала қандай болады?

-Ауа райы қандай болады?

-Жаз мезгілін не үшін жақсы көресіңдер?

Ой дамыту.

Сурет арқылы тақпақ жаттату:

Тірек –сызбаны пайдаланып жаз туралы тақпақ оқу.

Алақай, алақай,

Қуанды балақай.

Жадырап жаз келді.

Ойнаймыз, алақай.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі

балалар»

Жабырқауды білмейміз,

Жалқаулықты сүйеміз,

Біз талантты жас ұлан,

Үлгі аламыз жақсыдан.

Қызығушылықты ояту

Таңғажайып сәт.

Судың дыбысы естіледі.

Аудио: Құрметті балалар мен теңіз тұрғынымын. мен достарымды таба алмай жүрмін, маған көмек керек.

Ой қозғау

-Теңіз тұрғынымын диді.

-Теңізде нелер өмір сүреді?

Балықтар

Ендеше мына балыққа көмектесеміз бе?

Құрлымдалған ойын: «Кішкентай балықшылар»

Ұсақ заттар тегешке тасталады. Бұлар «балықтар» болады.

Сөздік жұмыс: қармақ, жүзеді, қабыршақ.

1- топ: Балықты аулау үшін сабы ұзын «қармақ» беріледі.

Бұл топ кішкентай балықтар аулайды.

2-топ: балықты қасықпен де ұстайды. Бұл топ ұлкен балықтар аулайды.

Ұстаған балықтарды шелектерге салады.

Сергіту сәті:

Біз жүреміз оң жаққа

Біз жүреміз сол жаққа.

Шоршимыз көл астында

Ыршимыз көл үстінде.

Тұңғыыққа батамыз

Тәтті ұйқыға жатамыз

-Балалар міне теңіз

2.Аласа орындық үстінде еңбектеу.

Қимылды ойын:

«Досым, ұста!».

Ойын шартымен таныстыру Балаларды мадақтау.

15. Сурет салу

Тақырыбы: Балықтар жүзеді

Мақсаты: Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіре отырып, майшамның және трафареттің көмегімен аквариумдағы балықты салуды үйрету.

ҰОҚ өтілу барысы

Шаттық шеңбер

Армысың көк аспан, Армысың достарым.

Міне менің қолым бос Жылуыма жылу қос

Таңғажайып сәт.

Педагогтың ұялы телефоны шырылдайды.

Алоо - Сәлеметсіздер ме балалар, мен су патшасымын.

Сендер су астындағы жануарлар, жәндіктер туралы көп біледі екенсіңдер.

- Ендеше, сіздер теңіз әлемі туралы не жасай аласыңдар?

Педагог: я су патшалығы біздің балалар суретті өте керемет салады.

Біз сізге салған суретімізді суретке түсіріп, телефон арқылы жібереміз.

Ой дамыту.

Теңіз әлемі туралы қысқаша түсінік беру.

Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс тәсілдерін көрсету



Сұрақ –жауап.

Ой дамыту.

Н. Айтовтың «Жаз»

Жазым келді жарқылдап,
Қазым келді қаңқылдап.
Гүлге қонды көбелек,
Қос қанаты қалтылдап.
Өлең жолдарын қайталау арқылы жаттау.

Релаксация:

Балалар, көзімізді жұмып тынығайық.
Жаз мезгілін көз алдымызға елестетейік: күн ыстық, суға шомылып, денемізді бос ұстап, жағалауға шығып жатырмыз, су сылдыры құлағымызға жағып, күн шуағы денені жылытады, аяғымызды ыстық құм қыздырып барады. Ал енді көзімізді ашсақ та болады.

Енді, балалар, көзіміз

Кіп - кішкене балақан

Үп - үлкен боп өседі.

Дидактикалық ойын:

«Жаз мезгілін көрсет»



Қорытынды.

Сұрақ- жауап

Балаларды мадақтау.

2.Денешынықтыру.

Мақсаты: (БК)

Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру, жүру.

-Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру.

-Аласа орындық үстінде еңбектеу.

ҰОҚ жіргізілу барысы

І.Кіріспе бөлім.

Бір қатар сапқа тұру.

Сәлемдесу.

(нұсқауларды орындау)

Шеңбер бойымен тұру.

Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды жанға созып, өкшемен жүреді.

Баяу жүгіру, жылдам жүгіру

Негізгі бөлім:

Жалпы дамыту жаттығулар:
Доппен жаттығу»

1. Бір қатармен жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.)

2. Бір қатардан екі қатарға тұру.

3. Доппен жаттығу.

тұрғынының достарын тауып бердік. Енді теңіз тұрғынына қалай хабарласамыз.

Бұл балықтарды шелегімен көмекші апайға берейік, ол теңіз тұрғынына апарып берсін.

Қортынды:

Сұрақ –жауап

Біз қандай балықтар ауладық? Үлкен-кіші Не үшін ауладық?

Балаларды мадақтау.

2.Денешынықтыру

Мақсаты: (ҮК)

Балалардың жүру, жүгіру дағдыларын дамыту.

-Құрсаудан еңбектен өтуге дағдыландыру.

-Бір және екі қолмен допты еденге ұру.

І.Кіріспе бөлім.

Бір қатар сапқа тұру.

Сәлемдесу. Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды жанға созып, өкшемен жүреді.

Баяу жүгіру, жылдам жүгіру

Негізгі бөлім:

Жалпы дамыту

жаттығулар:

(жсалаушамен)

«Тербелу» Б.қ: аяқ арасы ашақ, қол төменде.

а) қолдарды жоғары көтеру.

ә) екі жанға тербелу, оңға тербелу.

б) солға тербелу.

«Бағыттаушы» Б.қ: аяқ

	<p>түсіндіру. Балауыз шамды пайдаланып, трафареттің көмегімен әр түрлі бейнені салу, салынған бейненің үстін көк субояқ гуашпен бояу арқылы теңіз әлемін бейнелеу. Жеке көмек. Дайын болған суреттерді өзара талдау. Қандай сурет салғандарын сұрау? Әр баланың суретін жеке тексеріп, түзету жұмысын жүргізу. П/Ж ойын: «Біздің көрме» Балалардың суретін Телефонға түсіру. Су патшалығына жіберу. Тәрбиеші: Телефон соғу. Су патшасы біздің балалар өз жұмыстарын сізге сыйға тартып жіберді. Телефон шырылдау. Су патшасы: Балалар жарайсыңдар, сендер біздің теңіз жәндіктері туралы білетіндеріңді көрсеттіндер. Маған өте ұнады. Қортынды Балаларды мадақтау.</p>	<p>жұмылғанда нені көрдік, қандай әсер алдыңдар? Суда шомылғанды ұнатасыңдар ма? Қортынды Балаларды мадақтау. 2.Музыка Педагог жоспары бойынша</p>	<p>1. Б.қ қолда доп :1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу. 2.Б.қ 1 - доп оң қолда екі рет алдыға айналдыру, 2 – доп сол қолда алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен. 3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен, оң қолда доп сол аяққа жеткізу допты,сол қолдағы допты оң аяққа жеткізу. 4.Б.қ аяқ бірге,отырып тұру. 5.Б. доп кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бұғу, 3 – артқа, 4-тізе бұғу. 6.Б.қ доп кеуде тұсында.Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып. Тыныс алу жаттығуы: мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру. 2.Аласа орындық үстінде еңбектеу. Қимылды ойын: «Досым, ұста!». Ойын шартымен таныстыру Балаларды мадақтау.</p>	<p>арасы алыс, қол төменде. а) қолдағы жалаушаларды жоғары көтеру, алға созу. б) екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкелу. в) екі қолды жанға созу. г) б.қ.келу. «Ұшамыз, қонамыз» Б.қ: тік тұру, қол төменде. а) екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру. ә) бір орында секіріп, қолды жанға созу. б) б.қ. келу. Тыныс алу: «Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын» Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Құрсаудан еңбектен өтуге дағдыландыру. 2.Бір және екі қолмен допты еденге ұру. Қимылды ойын: «Түрлі - түсті автокөліктер» Ойын шартын түсіндіру. Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.</p>	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека №1 Ауа райын бақылау	Картотека № 3 Желді бақылау	Картотека № 4 Аспанды бақылау	Картотека № 5 Бұлтты бақылау	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау
КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген					
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				

Түскі ас	ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.	№7 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№9 1. Ояну Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда-мында созылып Тарқасайық, тұрайық	№2. 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму қартасына сәйкес жеке жұмыс	Картотека №1 «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	Картотека №3 «Затты сипаттау» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын байыту.	Картотека №6 «Сиқырлы қапшық» Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.	Картотека №9 «Үлкен-кіші» Мақсаты: Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету.	Картотека № 19 «Үй жануарлары» Ойын мақсаты: Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету.
Қатынас саласы дидактикалық ойындар картотекасынан. Картотека қосымша тігілген					
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	Картотека №1 Ауа райын бақылау	Картотека № 3 Желді бақылау	Картотека № 4 Аспанды бақылау	Картотека № 5 Бұлтты бақылау	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау
Таңертеңгі серуен бақылауын бекіту.					
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.

**Циклограмма.
Мамыр айы. IV -апта 23.05 - 27.05 2022 ж
Кіші «Қызғалдақ» тобы**

**Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»
Тақырыпша. «Мен жасай аламын»**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу. Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	<i>Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.</i>				
	<i>Картотека №16 «Суретші қай жерде қателесті?»</i>	<i>Картотека № 4 «Бұны қай кезде киеді?»</i>	<i>Картотека № 7 «Гүлдерді күтеміз»</i>	<i>Картотека № 9 «Дұрыс көрсет, ажырат»</i>	<i>Картотека № 3 «Құстар біздің досымыз»</i>
ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН. (картотека қосымша тігілген)					
Танертенгі гимнастика	<i>Мамыр айының 4 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету</i>				
Таңғы ас	<i>Сауықтыру шаралары: Ауызды жуу, жылы сумен шаю. Ас мәзіріне отыру. Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.</i>				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу.. Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу. <i>Күнмен бірге тұрамыз, Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз баламыз.</i>				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	1.Денешынықтыру Мақсаты: (БК) <i>Балалардың жүру, жүгіру дағдыларын дамыту. -Құрсаудан еңбектен өтуге дағдыландыру. -Бір және екі қолмен допты еденге ұру. 1.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды</i>	1.Көркем әдебиет ояту. Тақырыбы: Туган жердің табиғаты Мақсаты: Туган жердің табиғатына деген қызығушылықтарын ояту. Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылай білуге жетілдіру. Табиғаттың досы болуға. оны қорғай білуге тәрбиелеу	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Құмды зерттеймін» Мақсаты: Балаларды құрғақ және дымқыл құммен таныстыру. Ерекше қасиеттерін атап айтқызу ҰОҚ өтілу барысы:. Шаттық шеңбер: Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз» <i>Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз.</i>	1.Құрастыру. Тақырыбы: Біздің еңбек. «Құстың ұясы» Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып құрастыру. Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап Көрнекі құралдар: АКТ, үлгі суреттер, үлестірмелі материалдар ҰОҚ барысы:	1. Жапсыру Тақырыбы: «Қошақан» Мақсаты: Үй жануары қошақан бейнесін жыртыу тәсілі арқылы жапсыру. Жапсыру барысында төзімділік пен ұқыптылық дағдыларын бекіту. ҰОҚ жүргізілу барысы Шаттық шеңбер. «Еркелету» жылудық

<p>жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру</p> <p>Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулары: (жалаушамен) «Тербелу» Б.қ: аяқ арасы алыс, қол төменде. а) қолдарды жоғары көтеру. ә) екі жанға тербелу, оңға тербелу. б) солға тербелу. «Бағыттаушы» Б.қ: аяқ арасы алыс, қол төменде. а) қолдағы жалаушаларды жоғары көтеру, алға созу. б) екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкелу. в) екі қолды жанға созу. г) б.қ.келу. «Ұшамыз, қонамыз» Б.қ: тік тұру, қол төменде. а) екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру. ә) бір орында секіріп, қолды жанға созу. б) б.қ. келу. Тыныс алу: «Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын» Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Құрсаудан еңбектен өтуге дағдыландыру. 2.Бір және екі қолмен допты еденге ұру. Қимылды ойын: «Түрлі - түсті автокөліктер» Ойын шартын түсіндіру. Қортынды</p>	<p>ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ. Шаттық шеңбері. Н. Жанаев. Табиғат – анамыз. Табиғат ол – анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз. II.Қызығушылықты ояту. 1. Ой қозғау: -Жыл мезгілдеріне саяхат. -Сюжетті суреттермен жұмыс. -Бір жылда неше мезгіл бар? -Әр мезгілдегі табиғаттың көрінісін ата? -Кімге қай мезгіл ұнайды? Несімен ұнайды? -Қазір қай мезгіл - -Табиғат пен адамның байлынысын атап өту. Тренинг ойын – «Табиғатпен сырласу». Авторы Г.Таласбаева. -Сыйқырлы орындық арқылы табиғатқа саяхатқа бару. -Елестету. (көзді жұму) - мөп-мөлдір ағып жатқан сулар, жайнап өсіп тұрған гүлдер, құстар, тамаша табиғат. 1. Бұлаққа кездесу. -Бұлақтан су ішеміз. Ол үшін: Алға иілу, алу, ішу, тамсану. (рахат-ай) 2. Алма ағашына кездесу. - Ағаштан алманы алып жеу. Оң аяқ алға, сол аяқтың өкшесін көтеру, алу, қырт етіп тістеу, тәттісін-ай\</p>	<p>Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. Миға шабуыл Сұрақ-жауап. Балалар табиғат дегеніміз не? Табиғат екіге бөлінеді. Жанды жансыз Қалай ойлайсыңдар тірі табиғатқа не жатады? -Дұрыс адамдар,құстар,жануарлар. өсімдіктер,ағаштар Яғни, көбиетін, қоректенетін, өсетіндер жанды табиғатқа жатады. Ал жансыз табиғатқа не жатады? Жұмбақ жасару: Жер бетінде жатады Онымен ойнайсың Әр түрлі мүсін жасайсың. Құм Ой дамыту. Балалар бүгін сендермен біз галымдар боламыз. Ал галымдар деген кім? Дұрыс,бүгін сендермен құмның қасиетін зерттеуге барамыз. АҚТ технологиясымен жұмыс. Балалар қарандаршы құмдар төбешіктер болып жатыр. Қане біз алдымыздағы құмнан осындай төбешік жасап көрейік Құммен жұмыс жасамай тұрып қауіпсіз ережесін еске түсірейік. Тәжірибе№1 1-нұсқа. Ыдыстағы құмды тутікше арқылы үрлейміз.желдің әсерімен жылжып төбешіктерге айналады ия.</p>	<p>Шаттық шеңбері: Нұр құшып әлемге Арайлап таң атты Жарқырап күніміз Жер көкті оятты Слайд арқылы әңгімелеу. Тыйым сөздер: Құсты атпа! Құстың жқмыртқасын жарма! Құстың ұясын бұзба! Аққуды атпа, досыңды сатпа! Дидактикалық ойын «Қандай құстың дауысы?» Мақсаты: Таным қабілеттерін арттыру Шарты: Үнтаспа арқылы құстың дыбысын табу. Сұрақтар ілмегі. Қандай құстарды білеміз? Құстар қайда мекендейді? Ендеше бәріміз құстың ұясын, заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып құрастырайық Сергіту сәті: Біз келеміз адымдап, Жол ізімен арындап 1,2,3,4 Қолды жоғары көтеріп Биіктерге жетеміз Үп-үлкен боп өсеміз Қолды жанға созамыз Топ-топ етіп басамыз Алға қарай саламыз Сұрақ-жауап: Біз не құрастырдық? Құстың ұясының түсі, пішіні қандай?</p>	<p>шеңбері Балалардан отбасы мүшелері өздерін қалай еркелетіп айтатынын естеріне түсіріу. Ширату. Тақпақ оқу. Кіп-кішкентай момақан Қошақанды ұнатам Сүйеді анам «қозым» деп «Қошақаным менің» деп Ой қозғау. Тақпақ не туралы айтылған? Анасын қалай атаймыз? Балалардың жауаптары. Қызығушылықтарын ояту. Топқа қозы келеді. Балалармен амандасады. Балалар қошақан неге көңілсіз деп ойлайсыңдар?. Балалар қозы айтады, менде дос жоқ,жалғыз ойнағым келмейді дейді. Олай болса біз оған дос табуға көмектесейік. Қағаздан бірнеше қошақан құрастырайық. Келісесіңдер ме? Балалардың жауаптары. Топқа бөлу. 1-топ қозының</p>
---	---	---	---	--

<p>Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.</p> <p>2. Сурет салу Тақырыбы: «Доп саламын» Мақсаты: Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда салуды бекіту. Өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға үйрету.</p> <p>Ойын тапсырма: «Менің доптарымның түсін ата» ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ Шаттық шеңбері. Н. Айтөв. «Тату – тәтті тұрамыз» Бір шаңырақ астында, Тату – тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. II. Қызығушылықтарын ояту. Өлең оқу Ш. Смаханұлы. Доп Добым менің, добым менің, Өзің неткен көңілді едің. Зымырайсың, қутыңдайсың, Бірақ менен құтылмайсың. Сұрақ-жауап Өлеңде не туралы айтылған? 2. 10й дамыту -Доп туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап . Доп қандай? -Оның пішіні қандай? -Доп неге ұқсайды? -Доп қандай қимыл жасайды? -Доптың түсі қандай? -Доп неден жасалған? -Біз доппен қандай ойындар ойнаймыз?</p>	<p>2. Раушан гүліне кездесу. Алға иілу, алу, иіскеу, қажет емес ауаны сыртқа шығару.</p> <p>3. Миға шабул Сұрақ – жауап. -Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек? -Табиғат байлықтарына нелер жатады? -Оны қорғау деген не? -Табиғатты сүйе білу деген не?</p> <p>Сергіту сәті: «Құбылыстар» 4. Табиғат туралы тиым сөздер. -Көк шөпті жұлма. -Құстың ұясын бұзба -Тал, шыбықпен ойнама. -Суды ластама -Құстарға тас лақтырма</p> <p>Дид ойын: «Шатастырма» 1. Көктемде қар жауады. 2. Қазір күз мезгілі? 3. Қыста жапырақтар сарғаяды? 4. Жаз ең суық жыл мезгілі? 5. Күзде бәйшешектер өседі? 6. Жазда балалар оқиды? Балаларды мадақтау.</p> <p>2. Музыка Педагог жоспарымен.</p>	<p>2-нұсқа. Қасықтың көмегімен төбешік жасау. Құм қандай? Сусылдақ, жылжымалы. Тәжірибе №2 Енді ылғалды құмды байқайық, құмды үрлеп көрейік үрленбейді. Жақын көрсететін шынымен қарап құмның пішіндерін анықтайық. Енді ылғалды құмды байқайық олар бір-біріне жабысып пішіндер көрінбейді. құмның түсі қандай? Сары, ақшыл , ал ылғалды құм қара түсті. Сергету сәті: Күн болып жанайық Мөлдір судай ағайық Гүл болып жайнайық Терең-терең домалап Жүргіріп-жүгіріп алайық. Тәжірибе №3 Енді стакандағы суға «воронка» қасықпен құм салайық, не байқадық тесіктен өтіп кетті су сияқты ия. Яғни құм сусымалы және ол суға батып кетті , ол ауыр екенін байқадық Ой қозғау. Дид ойын: «Тілші» Шарты: Балаларға микрофонды беріп ұоқ алған білімдерін тексеру. Қортынды Балаларды мадақтау. 3. Денешынықтыру. Мақсаты: (ҮК) Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.</p>	<p>«Ұялар» көрмесі Балалардың жұмысын бағалау. Қоштасу Қорытынды. Рахмет, балалар! Сендер барлық тапсырманы жақсы орындадыңдар. 2. Денешынықтыру Мақсаты: (БК) Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру 1. Жол бойымен еңбектеу. 2. Гимнастикалық орындау үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу. Ұйымдастыру кезеңі. Балалармен амандасу 1 бөлім. Баған бойынша бірінен соң бірі жүру. Педагог нұсқауымен: «Тышқандар!» ұсақтауға арналған қадаммен ауысу, енді тұрақты серуендеу. «Жылқылар!» - жүгіру, тізені жоғары көтеру, қалыпты жүгіріске ауысу. Жүру және жүгіру жаттығулары кезектесіп өтеді. 2 бөлім. Жалпы дамыту жаттығулары. Кішкене құрсаумен 1. Б:Қ - аяқтың ені бір-бірінен ашақ, екі қолда құрсау, екі жағынан, төменнен ұстау. Жоғары көтеру, қарау, төмен түсіру, б.қ. (5 рет).</p>	<p>сұлбасын бастырып сызып, қағазды жырту әдісі арқылы үстіндегі жүнін жапсырады. 2-топ қағазды жыртып, дөгелетіп қозының үстіне жапсырады. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету. Сергіту сәті. Қошақаны қойдың Қайда қалып қойдың Бұлтиып тұр бүйірің Қай өрістен тойдың? Аяқталған жұмыстарды бағалау. Галерея шаралау. Бір бірінің жұмыстарын бағалау. Жасаған жұмыстарын қозыға беру. Қозы қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау. От шашу әдісі арқылы қорытындылау.</p>
--	---	--	--	--

	<p>2. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету Дид ойын: «Қандай түс» 3. Өз беттерінше жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу Сергіту сәті: Добым, добым домала, Балшыққа сен жолама. Бүлдіресің қолымды, Жек көремін оныңды. Дид ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын бағалау. Қортынды Балаларды мадақтау..</p>		<p>Шеңбер бойымен тұру 1. Жол бойымен еңбектеу. 2. Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу. Ұйымдастыру кезеңі. Балалармен амандасу 1 бөлім.Баған бойынша бірінен соң бірі жүру. Педагог нұсқауымен: «Тышқандар!» ұсақтауға арналған қадаммен ауысу, енді тұрақты серуендеу. «Жылқылар!» - жүгіру, тізені жоғары көтеру, қалыпты жүгіріске ауысу. Жүру және жүгіру жаттығулары кезектесіп өтеді. 2 бөлім. Жалпы дамыту жаттығулары. Кішкене құрсаумен 1. Б:Қ - аяқтың ені бір-бірінен ашақ, екі қолда құрсау, екі жағынан, төменнен ұстау. Жоғары көтеру, қарау, төмен түсіру, б.қ. (5 рет). 2. Б:Қ. - аяқтар аяқтың ені бойынша, құрсау екі қолда кеудеде. Отыру, алға шеңбер жасау. Жоғары көтеру, бастапқы қалып (5 рет). 3. Б:Қ - отыру, аяқтар ашақ, екі қолда құрсау төменде құрсауды жоғары көтеру; алға еңкею, құрсаудың жиегін еденге тигізу. Түзулену б.қ 4. Б:Қ арқамен жату, құрсау бастан жоғары. Аяқты тік көтеру, тізені құрсауының жиегіне тигізу. Аяқты төмен түсіру, б.қ. (4 рет). 5. Б:Қ - құрсаудың алдында тұру, аяқ сәл ашақ, қолдар</p>	<p>2. Б:Қ. - аяқтар аяқтың ені бойынша, құрсау екі қолда кеудеде. Отыру, алға шеңбер жасау. Жоғары көтеру, бастапқы қалып (5 рет). 3. Б:Қ - отыру, аяқтар ашақ, екі қолда құрсау төменде құрсауды жоғары көтеру; алға еңкею, құрсаудың жиегін еденге тигізу. Түзулену б.қ 4. Б:Қ арқамен жату, құрсау бастан жоғары. Аяқты тік көтеру, тізені құрсауының жиегіне тигізу. Аяқты төмен түсіру, б.қ. (4 рет). 5. Б:Қ - құрсаудың алдында тұру, аяқ сәл ашақ, қолдар белде. құрсаудың айналасында аяқпен секіру Секіру арасында кішкене кідіріспен (2-3 рет). Қимыл-қозғалыс жаттығулары 1. Жол бойымен еңбектеу. 2. Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу. Қимылды ойындар: «Ұядағы кішкентай торғайлар» Педагогтың көмегімен балалар - «торғайлар» 3-4 топқа бөлініп, «ұялардың» ішіне отырады. (шнурлардан немесе арқаннан жасалған үлкен диаметрлі шеңберлер). Тәрбиешінің белгісі бойынша:</p>	
--	--	--	---	--	--

			<p>белде. құрсаудың айналасында аяқпен секіру Секіру арасында кішкене кідіріспен (2-3 рет).</p> <p>Қимыл-қозғалыс жаттығулары</p> <p>1. Жол бойымен еңбектеу.</p> <p>2. Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу.</p> <p>Қимылды ойындар: «Ұядағы кішкентай торғайлар»</p> <p>Педагогтың көмегімен балалар - «торғайлар» 3-4 топқа бөлініп, «ұялардың» ішіне отырады. (шнурлардан немесе арқаннан жасалған үлкен диаметрлі шеңберлер).</p> <p>Тәрбиешінің белгісі бойынша: «Торғайлар» ұядан «ұшып, құрсауды басып өтіп, жан-жаққа шашырап кетті. Тезірек-» дәндерді жеп ал Сигнал бойынша: «Құстар, ұяларға!»</p> <p>Ойын 3 рет қайталанады.</p> <p>Қортынды Балаларды мадақтау.</p>	<p>«Торғайлар» ұядан «ұшып, құрсауды басып өтіп, жан-жаққа шашырап кетті. Тезірек-» дәндерді жеп ал Сигнал бойынша: «Құстар, ұяларға!»</p> <p>Ойын 3 рет қайталанады.</p> <p>Қортынды Балаларды мадақтау.</p>	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека №1 Ауа райын бақылау	Картотека № 4 Аспанды бақылау	Картотека №13 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.	Картотека №16 Бұталарды бақылау.	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау
	КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ. (картотека қосымша тігілген)				
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№4 1. Ояну Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық.	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.	№3 Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	№6 1. Ояну Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	№8 1. Ояту Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағамызға қарайық Төсектен біз тарайық
Бесін ас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	«Біздің шаңырақ» Е.Өтетілеуов Атамнан басталар Әжеммен қосталар Отбасым мынылар: Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар Бір туған ағам бар Бір туған апам бар... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін еремін!	Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкиіл, сары Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін!	Дидактикалық ойын: Үстел -үсті ойыны пазл: «Өз үйіне орналастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту. Шарты: Әр жануарды өз үйіне орналастыру.	Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?» Бақыт деген, шырағым Мынау әсем тұрағың. Ну ормандар, гүл бағы, Күннің күліп тұрғаны БАҚЫТ- дәні далаңның. «Ботам» деуі әжеңнің, Тыныштығы әлемнің.	Мнемотехника әдісі Қ. Әбдилдина. «Ауылда» Ауылда. «Ауыл деген не?» десем Ата - әжем екен зой, Ата- әжем тұрған соң, Аты – атамекен зой Мейірім де ауыл да, Пейілің де ауылда. Жанға дауа ауасы, Сейілің де ауылда
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>				
Серуен	Картотека №1 Ауа райын бақылау	Картотека № 4 Аспанды бақылау	Картотека №13 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.	Картотека №16 Бұталарды бақылау.	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау
ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕШЕНІН БЕКІТУ.					
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Кеңес: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру